

6D011000 – Физика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Уалиханова Баян Сапарбековнаның «Медициналық жоғары оқу орнында физиканы кәсіби бағытта оқытудың әдістемесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2017 жылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік», - атты Қазақстан халқына Жолдауында адами капитал сапасын жақсарту мәселесін көтере отырып, білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру қажеттігін міндеттейді. Бұл медициналық білім берудің жаңа жүйесін реформалауда болашақ дәрігерлердің теориялық білімі мен біліктілігіне, бәсекеге қабілеттілігіне үлкен мән беруді қажет етеді.

Физиканың медицина саласындағы алатын орны ерекше. Физика пәнін оқып үйрену болашақ медицина мамандарының медициналық техника бойынша даярлығын жақсартудың басты шарты екендігін ескеріп, аталған пәннің мазмұнын медицина ғылымдағы физиканың жетістіктерімен толықтыру заманның талабы. Сондықтан Уалиханова Баян Сапарбековнаның «Медициналық жоғары оқу орнында физиканы кәсіби бағытта оқытудың әдістемесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысында «физикалық құбылыстарды диагностика мен емдеу ісінде, медициналық құралдарда қолданудың негізгі себептерін ашып көрсетуі, мұндай физикалық факторлардың адам ағзасына әсерін талдауы, оны қолдану туралы жүйелі түрде қарастыруы» болашақ медицина маманын дайындау барысында бұл жұмыстың маңыздылығын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасында «кадрлар даярлаудың практикалық бағытталуы төмен, білім беру бағдарламалары, ... жетілдірілмеген күйінде қалып отыр. Сонымен қатар, ғылыми зерттеулердің бәсекеге қабілеттілігінің төмен болуы, олардың практикалық маңызының қанағаттанарлықсыздығы, ғылыми дәрежесі бар кадрлар тапшылығы мәселелері өзекті күйінде қалып отыр» делінген. Осыны ескере отырып болашақ дәрігерлердің теориялық білімі мен біліктілігін, кәсіби іс-әрекетінде ғылым мен техниканың озық жетістіктерін қолдану құзіреттілігін артыру өзекті болып саналады.

Осы орайдан алғанда ізденуші Б.С.Уалиханованың «Медициналық жоғары оқу орнында физиканы кәсіби бағытта оқытудың әдістемесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы бүгінгі әлеуметтік тапсырысқа сәйкес болашақ мамандарды даярлауда көкейтесті мәселеге арналған.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертант зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында бірнеше нәтижелерге қол жеткізген.

- болашақ мамандарды даярлауда кәсіптік білім беру бойынша ғылыми-әдістемелік еңбектерге талдау жасаған. Талдау нәтижесінде «кәсіптік білім беру», «кәсіби бағытта оқыту» ұғымдарының мағынасын саралап, анықтама берген. Зерттеу нәтижесінде ұсынылған *бірінші нәтижеде* медициналық жоғары оқу орны студенттеріне физиканы кәсіби бағытта оқытудың теориялық негіздерін айқындаған;

- зерттеудің *екінші нәтижесі* ретінде заманауи жаңалықтарды ескере отырып, элективті пән бағдарламасы даярланып, кәсіби бағытта физиканы оқытудың әдістемесін ұсынған;

- диссертациялық жұмыстың үшінші нәтижесінде медициналық жоғары оқу орны студенттеріне физиканы кәсіби бағытта оқыту әдістемесінің тиімділігі эксперимент жүзінде тексерілген, дәлелденген және оқу үрдісіне ендірілген.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Жұмыста теориялық және әдіснамалық негіздемелерге сүйеніп алынған ғылыми нәтижелер мен қағидалар, олардың тиімділігі педагогикалық экспериментте тексеруден өткен.

Зерттеу жұмысының *бірінші нәтиженің шынайылық дәрежесі*: нормативтік құжаттарда көрсетілген міндеттерге сәйкес ізденуші медициналық жоғары оқу орнында физика пәнін оқытудың педагогикалық - әдістемелік аспектілерін, медициналық жоғары оқу орнында студенттерге физика пәнін оқыту мазмұнының қазіргі жағдайын, медициналық жоғары оқу орнында физиканы кәсіби бағытта оқытудың қажеттіліктерін талдаған. Медициналық жоғары оқу орны студенттерінің кәсіби бағытта оқытудың теориялық негіздерін саралаған және отандық, шетелдік ғылыми - әдістемелік еңбектерге талдау жасаған, өзіндік теориялық қорытындылар жасай білген.

Екінші нәтиженің шынайылық дәрежесі: диссертациялық жұмыстың мазмұнын анықтауда ізденуші медицина мамандығы студенттерінің жоғары курстарда оқитын кәсіби модульдегі «Ішкі аурулар», «Балалар ауруы», «Хирургия» мен «Акушерия және гинекология» секілді маңызды пәндерге талдау жүргізе отырып, онда қажет болатын физикалық білімнің мазмұнын талдаған. Талдау нәтижесінде болашақ дәрігерлерге элективті курстың бағдарламасын әзірлеген.

Болашақ дәрігерлерді кәсіби бағытта оқытудың әдістемесін эксперимент жүзінде өткізіп, анықталған нәтижелерге талдау жасап, тиімділігінің дәлелденуі зерттеу жұмысының *үшінші нәтиженің шынайылық дәрежесін* көрсетеді.

Б.С.Уалиханованың зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындыларын талдап қарастыру олардың шынайылық және негізделу деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес келетіндігін айғақтайды

4. Диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің «қағиданың) және қорытындылардың жаңалық дәрежесі.

Диссертациялық жұмыстың әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының әрқайсысының өзіндік ғылыми жаңалығы бар.

Бірінші нәтиженің жаңалық дәрежесі - медициналық жоғары оқу орындарында кәсіби білім беру мен медицина саласында физиканы оқытудың тарихын, медицина саласында физиканы оқытудың мазмұнын зерттеген ғылыми еңбектерге жан-жақты талдаулар жасалған және физика пәні арқылы кәсіби білім беруді жетілдірудің теориялық негіздері анықталған;

Екінші нәтиженің жаңалық дәрежесі - өз кәсіби іс-әрекеті басталғанда жас дәрігерлердің қандай мәселелерге тап келетінін анықтау үшін, дәрігерлерге де сауалнама өткізілген, медициналық жоғары оқу орны студенттеріне физиканы кәсіби бағытта оқытудың әдістемелік жүйесінің моделі жасалынған, медициналық бағыттағы мамандықтарға кәсіби білім беру үшін физика пәнінің мазмұны мен әдістемесі ұсынылып, “Медициналық мамандықтарға арналған физика” элективті пәнінің бағдарламасы оқу үрдісіне енгізілген;

Үшінші нәтиженің жаңалық дәрежесі - болашақ дәрігерлерге физиканы кәсіби бағытта оқыту әдістемесінің тиімділігі тексеріліп, эксперимент жүзінде дәлелденіп, нәтижелері қорғауға ұсынылатын қағидалардың дұрыстығын растайды.

5. Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы.

Уалиханова Баян Сапарбековнаның диссертациялық жұмысындағы алынған нәтижелер мен жасалған тұжырымдар:

- медицина мамандығы студенттеріне физиканы оқытуда кәсіби-бағдарланған теорияны жасауымен;

- медициналық жоғары оқу орындарында оқытылатын арнайы пәндер бойынша физикалық білім берудің маңызды бөлімдерін іріктеумен;

- физиканы кәсіби бағытта оқытудың тиімді әдістемелік жолдарын, формалары мен құралдарын анықтаумен сипатталады.

Зерттеу нәтижелері бойынша студенттердің өзбетінше жұмыс жасауына арналған тест сұрақтары дайындалды. Сондай-ақ «Медицинада мамандықтарына арналған физика» элективті курсының оқу бағдарламасы мен «Медициналық физика пәнінен тесттер жинағы» атты әдістемелік нұсқау даярлаған.

Зерттеу жұмысының нәтижелерін медициналық жоғары оқу орындарында, орта кәсіптік білім беру мекемелерінде, педагог кадрларды кәсіби бағытта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесінде кеңінен пайдалануға болады.

6. Диссертация бойынша кемшіліктер мен ұсыныстар

PhD-докторанты Б.С.Уалиханованың диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, бірге сыни - ескертпелеріне тоқталып өтсек:

1. Қолданылған әдебиеттер тізімінде кейбір әдебиеттердің беттері көрсетілмеген.

2. Зерттеу негізінен физиканың диагностикалық іс- әрекеттердегі маңызына тоқталған, осыған қоса физиканың терапиялық іс әрекеттердегі маңызын қоса зерттегенде жұмыс өте зор мәнге ие болар еді.

Алайда, бұл кемшіліктер тұтастай алғанда ғылыми-зерттеу жұмысының теориялық және практикалық нәтижелерінің құндылығына нұқсан келтірмейді.

7. Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сәйкестігі.

PhD-докторанты Б.С.Уалиханованың 6D011000 – «Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Медициналық жоғары оқу орнында физиканы кәсіби бағытта оқытудың әдістемесі» атты диссертациялық жұмысы талапқа сай толық зерттеліп, аяқталған.

6D011000 – Физика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Уалиханова Баян Сапарбековнаның «Медициналық жоғары оқу орнында физиканы кәсіби бағытта оқытудың әдістемесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы дәйекті, жан-жақты зерттелген, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның авторын 6D011000 – Физика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Пікір беруші:

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Жаратылыстану-математикалық білім зертханасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент



Шуиншина Ш.М

